

Астана қаласының әкімдігінің №92 «Жауқазын» балабақшасы МКҚК

№2 педагогикалық кеңес ХАТТАМАСЫНАН ҮЗІНДІ

Төраға: А.К.Салыкова

Хатшы: Н.Б.Секербаева

Өткізу күні: 2025 жылғы 28 қараша

Қатысқандар: 32

Өткізу форматы: офлайн

Тақырыбы: «Балабақшада қауіпсіз орта қалыптастыру және экологиялық тәрбие беру».

Мақсаты: Балалардың өмірін қорғау және денсаулығын нығайту, салауатты өмір салты негіздерін, қауіпсіз өмір сүру дағдыларын қалыптастыру, экологиялық тәрбие беру құралдарын талдау.

Ұзақтығы: 90 минут

Қатысушылар: балабақша әкімшілігі, педагогтер, медбике, хатшы.

Күн тәртібінде

1.Педагогикалық кеңесті ашу.

Балабақша меңгерушісінің алғы сөзі, отырыстың мақсаттары мен міндеттерін анықтау.(Анықтама. Меңгеруші: Салыкова А.К.)

2.Балабақшада қауіпсіз орта қалыптастыру және экологиялық тәрбие беру.

«Ландшафтық дизайн – ғажайып әлем» тәжірибе алмасу.

3.«Балабақшада балалардың дене бітімінің жан – жақты дамуына жағдайлар туғызу» дене тәрбиесінің нұсқаушылары ойын жаттығу.

4.«Мектепке дейінгі білім беру ұйымында денсаулық сақтау технологияларын қолдану және мектеп жасына дейінгі балалардың салауатты өмір салтын қалыптастыру, қауіпсіз орта» баяндама Медбике Куттыаякова С.С.

5.«Менің көңіл-күйім» тренинг. Педагог – психолог: Кожамсеитова А.Р.

Бірінші мәселе бойынша тыңдалды:

Балабақша меңгерушісі: А.К.Салыкова ашып, бүгінгі кеңестің мақсаты мен міндеттеріне тоқталды.

– Балабақшада қауіпсіз, қолайлы, денсаулыққа зиянсыз орта қалыптастыру;

– Балаларға экологиялық мәдениет пен табиғатқа қамқорлық дағдыларын қалыптастыру.

– Балалардың балабақшадағы әрбір күні қауіпсіз, жайлы және эмоционалдық тұрғыдан қолайлы ортада өтуі – біздің басты міндетіміз. Қауіпсіздік талаптарының толық орындалуы, тәрбиешілердің қырағылығы, топ бөлмелерінің дұрыстығы мен алаңсыз ойнайтын жағдай жасалуы – баланың денсаулығы мен мінез-құлқына тікелей әсер ететіні белгілі. Сонымен қатар, экологиялық тәрбие – ерте жастан табиғатты сүйе білуге, оны қорғауға үйретудің алғашқы баспалдағы. Бала табиғатты танып, оған қамқорлық

жасауды бізден үйренеді. Сол себепті экологиялық мәдениетті қалыптастыру бағытындағы жұмыстарымызды жүйелі түрде жүргізу – бүгінгі заман талабы. Тәрбиешілерге барлық топтарда қауіпсіздік талаптарын күшейту, экологиялық тәрбие жұмысын жүйелі жүргізу міндеттелсін.

Балалардың дене бітімінің жан-жақты дамуына жағдай жасау, ландшафтық дизайн – ғажайып әлем

Екінші мәселе бойынша тыңдалды: Балабақша тәрбиешілері жас ерекшеліктеріне сай топ болып отырып, **«Балабақшада қауіпсіз орта қалыптастыру және экологиялық тәрбие беру. «Ландшафтық дизайн – ғажайып әлем»** жобасы бойынша тәжірибелерімен бөлісті. Мектепалды топтарының тәрбиешілері ландшафтық дизайн-ғажайып әлем жобасы бойынша жас ерекшеліктеріне сай балабақшадағы қол жетімді заттармен табиғат бұрышына табиғаттың пейзажының көрінісі жасалды.



Сол арқылы балаларды табиғатты қорғауға, ұқыптылыққа баулу болды. Ересек топтарының тәрбиешілері практика жүзінде тәжірибелік екі эксперимент яғни ауыр және жеңіл заттарды суға салып көрсетті, ал екіншісі қыс мезгіліндегі мұздың жарылуын тәжірибе жүзінде қол жетімді заттармен көрсетті.



Ал ортаңғы топтардың тәрбиешілері топтағы балаларының жас ерекшеліктерін ескере отырып, күнделікті өмірде қолдануға болатын «Ғажайып әлем» жобасын ойын арқылы қоқыстарды сұрыптау, зиянкес жәндіктерді, гүлдердің құрылымын, көлеңке театры арқылы дамытуға болатынын тәжірибе жүзінде көрсетті. Өсімдіктердің өсу кезеңдері, бояу ысу арқылы, су астындағы жәндіктерді табу жұмыстары көрсетілді.



Осы ойындар арқылы табиғатты аялауға, балалардың ойлау қабілеті мен ұсақ қол моторикасын дамытуға болатыны айтылды.

Ал кіші топтардың тәрбиешілері «Аспалы шамдар арқылы табиғатты безендіру» жұмыстарын ұйымдастырды. Балаларға табиғат көріністері, күннің

жарығы, шамдардың әсемдігі туралы қысқаша әңгімелеп, аспалы шамдардың табиғатты әсемдеуі үшін қолданылатыны түсіндірілді.



«Ғажайып әлем» ландшафтық жобасының баланың қиялын, қызығушылығын арттырудағы маңызы осы болды. Тәрбиешілер арасында тәжірибе алмасу барысында жаңашыл әдістерді қолдану, экологиялық ойын түрлерін енгізу қажеттілігі сөз болды.

Үшінші мәселе бойынша тыңдалды: Дене тәрбиесі нұсқаушыларының ойын-жаттығулар жұмыстары көрсетілді.

Дене тәрбиесі нұсқаушылары балалардың қимыл-қозғалыс дағдыларын дамытуға арналған жаттығулар кешенін таныстырды.

- Моторика, тепе-теңдік, жүгіру, секіру, созылу жаттығулары;
- Ашық ауадағы қимыл-қозғалыс ойындарының рөлі.



Төртінші мәселе бойынша тыңдалды: Балабақша медбике Куттыаякова С.С. «Мектепке дейінгі білім беру ұйымында денсаулық сақтау технологияларын қолдану және мектеп жасына дейінгі балалардың салауатты өмір салтын қалыптастыру, қауіпсіз орта» баяндамасы тыңдалды. Медбике қауіпсіз орта мен балалар денсаулығын қорғау бағытында түсіндірме жасады.

- Гигиена ережелерін сақтау;
- Сауықтыру шаралары: тыныс жаттығулары, сергіту сәттері;
- Жұқпалы аурулардың алдын алу;
- Салауатты өмір салты дағдыларын қалыптастыру жолдары.



Барлық топтарда денсаулық сақтау технологияларын тұрақты пайдалану міндеттелсін.

Бесінші мәселе бойынша тыңдалды: Балабақша педагог – психологы: А.Р.Қожамсейтова педагогтармен «Менің көңіл-күйім» тренингін өтті. Психолог әріптестермен эмоциялық көңіл-күйді реттеуге арналған қысқа тренинг өткізді. Қатысушылар өз сезімдерін бөлісіп, жағымды психологиялық ахуал туғызудың әдістерін үйренді.



№2 Педагогикалық кеңестің шешімі

1. Балабақшадағы қауіпсіз орта қалыптастыру және экологиялық тәрбие беру жұмыстары күшейтілсін;
2. Дене тәрбиесінің нұсқаушылары ұйымдастырылған іс-әрекеттерінде жаңартылған жаттығу түрлерін көбейтсін;
3. Педагог – психолог аптасына бір рет педагогтермен тренингті жоспарласын;

Осы жұмыстардың орындалуын әдіскер м.а:Н.С.Нығметова жүктелсін.